

2010 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 маусымдағы N 5-22с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 шілдеде N 13-13-126 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2011 жылғы 3 қазандағы N 02-03-03/222 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2011.10.03 N 02-03-03/222 хаты)

2001 жылғы 21 қаңтардағы № 148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18-бабы 8-тармағына және 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкімет қаулысының 2-тармағына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Уәлиханов ауданының елді мекендеріне 2010 жылы жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салаларының мамандарына, тұрғын үй сатып алу үшін, маман өтінішінде көрсетілген, өтініш берген сәтінде, бірақ 630 (алты жүз отыз) еселік айлық есеп көрсеткішінен аспайтын бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Уәлиханов ауданының елді мекендеріне 2010 жылы жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт салаларының мамандарына, өтініш берген сәтінде 70 (жетпіс) еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік қолдау көтерме жәрдемақы берілсін.

3. «Уәлиханов ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-і ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі уәкілетті орган ретінде, осы шешімнің жүзеге асырылуына шаралар қолдансын (келісім бойынша).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың

х а т ш ы с ы

Е. Сұмағұлов

Ә. Бейсенбаев

К Е Л І С І Л Г Е Н :

*« У ә л и х а н о в а у д а н ы н ы ң
а у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы б ө л і м і »*

мемлекеттік мекемесінің бастығы Н. Иманов

*« У ә л и х а н о в а у д а н ы н ы ң
э к о н о м и к а ж ә н е б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у б ө л і м і »*

мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж.Ғабдуллин